

**«Бірлік – біздің баға жетпес байлығымыз»,  
Қазақстан Республикасының 30-жылдығына арналған  
облыстық қашықтықтан фестивалінің ережесі**

**1. Жалпы ережелер**

Осы Ереже фестивальдің мақсаттары мен міндеттерін, тәртібін анықтайды. Қазақстанда 2021 жыл мерейлі мереке - тәуелсіздіктің 30 жылдығымен атап өтіледі.

1 мамырда еліміз ең мейірімді және жарқын көктем мерекелерінің бірі - Қазақстан халқының бірлігі күнін атап өтеді. Қазақстан - көпұлтты мемлекет, онда 150-ден астам ұлт пен ұлыс тұрады. Бұл мереке достықтың, түсіністік пен келісімнің символына айналды. Қазақстан халықтары барлық ұлттар мен ұлыстардың мәдениетін, дәстүрін, әдет-ғұрпын құрметтей отырып, бейбіт өмір сүреді.

**2. Фестиваль ұйымдастырушылары**

М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы

**3. Фестиваль мақсаты:**

Қазақстандық патриотизмге, мәдениетті, ұлттық салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, рәсімдерді құрметтеуге тәрбиелеу. Біздің аймағының мәдени және тарихи мұраларын сақтау және арттыру.

**4. Фестиваль міндеті:**

1. Оқушылардың отансүйгіштік, бейбітшілік, ұлттық келісім қалыптастыру;
2. Өз еліңе, өз халқыңа деген мақтаныш сезімін, басқа халықтардың дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын құрметтеуге тәрбиелеу;
3. Балалар мен жасөспірімдерді шығармашылыққа баулу.

**5. Фестиваль қатысушылары**

Фестивальде Павлодар облысының оқушылары қатысады.

**6. Қатысу шарттары**

Бейнесюжеттер 2021 жылдың 22 сәуірден - 5 мамыр аралығында [tanya\\_suvorova@mail.ru](mailto:tanya_suvorova@mail.ru) электрондық поштасына қабылданады. Бір қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Бейнероликтің ұзақтығы – 2 минуттен аспау керек. Бейнежазбаларыңызда сіз өз ұлтыңыздың дәстүрлері мен мәдениеті туралы айтып, киім-кешектер мен заттардың, ұлттық ыдыстар және ою-өрнектердің этномәдени шағын көрмесін көрсете аласыз. Ұлттық тағамдардың рецептімен бөлісе аласыз және барлық этностардың өкілдерін құттықтай аласыз. Роликтер Facebook, Instagram [dvorec\\_pvl](#) және [metodotdeldsh](#) әлеуметтік желілерге жүктеледі.

Конкурстың ережесімен Оқушылар сарайының <http://dshk.kz/> сайтынан «Ереже. Конкурс және көрмелер» бөлімінде танысуға болады

Фестиваль тақырыбына келіспейтін басқа адамдар мен ұлттардың абыройы мен сезімін қорлайтын жарнамалық бейнелер, сондай-ақ сапасы төмен жұмыстар қабылданбайды.

Қатысушы өз жұмысын жібере отырып, ұйымдастырушыларға автоматты түрде ұсынылған материалды пайдалану құқығын береді (Интернетте орналастыру). Қатысушы ақпараттың дұрыстығына жауап береді.

### **7. Бейне роликтерге қойылатын талаптар**

- жұмыстың тақырыпқа сәйкестігі;
- сюжеттің өзіндік ерекшелігі;
- сауаттылық, мәнерлілік, жүйелілік, айқындылық;
- тақырыптың ашылуының толықтығы;
- орындаудың эстетикалық деңгейі;
- техникалық көрсеткіштердің сапасы;
- жұмысты жалпы эмоционалды қабылдау.